

ТҮРКІСТАН

Халықаралық саяси ақпараттық газеті

НҰСҚАЛЫ СӨЗІН ӨТКІЗГЕН НЕМЕСЕ ТОПТАН ОЗҒАН ТОБЖАН БИ

Еліміздің тәуелсіздік туын көтергеніне де он бес жыл толып, халқымыздың өткені мен бүгіні таразыланып, келешегі бағамдалып жатыр. Ел тәуелсіздігіне, қазақ халқының өсіп-өркендеуіне, елдің тұтастығын сақтауға өз ықпалын жасаған небір батырлар мен қатар билердің орны да ерекше болған. Сонау 17-18 ғасырларға бармай-ақ XIX ғасырдың орта шетінде билікке араласқан қабырғалы билердің бірі болған Алтын Тобжан Байназарұлы туралы сөз етпекбіз.

Тобжан би есімі мұрағат құжаттары мен XIX ғасырдың соңғы кезінде «Түркістан уалаяты» атты Ташкентте шығып тұрған газетте, Орталық ғылыми кітапхананың сирек кездесетін қолжазбалар қорында ол туралы жазылған ел әңгімелері де сақталынған. Сыр сүлейлерінің шоқтығы биік ақыны Шораяқтың Омары өзінің «Ұстаздарым» атты ұзақ толғауында... «...Алтын Тобжан, Әлібай, Егесті жерде тоқталмай. Нұсқалы жауап сөз табар», – деп бидің байлығымен қатар шешендігін айтып кеткен. Тобжан Байназар ұлының арғы тегін зерделей қарасақ, текті тұқымның ұрпағы екені аңғарылады. Ақындар жырларында айқын да нақты жазылған.

Шығыстың жұлдызы аталған ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлы (1882-1939) Тобжанның бесінші атасы Сәлтеке туралы;... «Алтыннан шықты ыңырана, Сәлтеке сынды арыстан» десе көзі тірісінде Дүр Оңғар атанған (1858-1902) ақын тобжан мен айтысып кемшілігін көрсете тұра оның арғы бабалары хақында. Қараның ханы болған атаң Барқы. Кісі екен абыройлы қымбат нарқы. Батырдан бүтін болып туған Науша, Әлсізге пана болған асқар тауша. Наушадан өнген әулет Байназар бай, Тең болған дәулет пенен перзентке сай, – деп жырға қосқан. Жалпы Сәлтеке ұрпақтарын Сыр сүлейлері жырламай өтпеген. Олардың бастауында Балқы Базар, Дүр Оңғар, Кете Жүсіп, Тұрмағамбет, Шораяқтың Омары, Сейітжан сал тағы басқалар өз жырларын арнап, олардың сом тұлғасын жасаған.

Ұрпақтарының қолындағы ататек шежіресі бойынша Тобжан (Топжан) 1840 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданына қарасты Қызылтам стансасы маңындағы «Жаңабай» ауылында дүниеге келген. Ақтөбе облысының Ырғыз, Торғай, Қостанай өңірлерінде жаз жайлап, қыс қыстауы. Қызылтам өңірі (Сыр бойы) болған. Би 1918 жылы Ырғыз ауданының «Нұра» ауылында қайтыс болған.

Ресей құжаттарында Қазалы уезіне қарасты Қармақшы учакесінде алғашқы болыстық құрылым 1868 жылы басталған. Қармақшы болысының алғашқы болыстарының бірі Алтын Сарыкөбен Мұсылман ұлы болса, болыс билерінің 1874 жылға 6 хамалдағы құрамында Тобжан Байназарұлы уезд басқарушысының бұйрығымен би болып сайланған. Осы бұйрықта: «Перовскі оязный әкімінің сұрауымен жұрттың сайлауы бойынша сайланды» деп жазылған. Ал 1880-1882 жылдардағы «Туркестанская ведомость» газетінде, нақтыласақ осы газеттің 1881 жылдың 2 ақпанындағы №5 санында «...Перовскі уезі бастығына жеке тұрғын үйлері мен малдарына табыс салығы үшін есепке тұрды, Олар Дәулет Бошаев, Тобжан Байназаров,

Әлімбай Уәлиев және Мекебай Манақовтар «әрқайсысы малдары үшін 500 сомға тұрып, уездегі әскерилерге отын-шөп тасып беруге келісімге келгенін жазса, 1882 жылдың 2 қаңтарында басқа да адамдармен бірге 1882-1883 жылдарға олармен келісім шарт жасағаны хатталған. Ал бұл жылдарда Қармақшы болысының (1900-1903 жж.) басқарушысы Алтын Әлібай Есіров болған.

1868 жылғы Қазақстан мемлекеттік мұрағатының 232 қорының 1 тізімінің 2-іс қағазында Қармақшы болысының шаңырақ иелерінің саны мен оны басқарушылары туралы осы болыстың №7 ауылын Тобжан, Көпірбай Байназаровтардың (239 шаңырақты) басқаратыны жазылған. 1870 жылы Қармақшы болысында 3774 алтындар тұрған. Ел аузындағы әңгімелермен ақындардың өлеңдеріндегі Тобжан би туралы жырлар және Ресей құжаттарындағы әкесі Байназар бидің 1860 жылы Орынбор шекара комиссия бастығына арнайы хат жазып өзінің қарамағындағы елге егін егу үшін арнайы жер бөлуді (беруді) сұраған хаты тағы бар. Осы хат жөнінде Сырдария желісіндегі қазақтарды басқарушы сарай кеңесші Осмоловскиге тапсырма берген хатында Сырдария желісінің қолбасшысы генерал-лейтенант Данзас былайша: «Оразбай мен Қарғалы жерін Қарақұмда көшіп жүрген алтын биі Байназарға бергенінмен 100 егінші үйін егін егуден қақтың. Сондықтан Алаша руының Аманқұл аталығына (басшылары Тышқанбай, Олжабай, Тоғызбайларға осы жерді қайтарындар, Елекей Қасымовтың жер учаскесінен беруді Байназарға сұраймын және орындалуы жөнінде өзіме хабардар етуді тапсырамын.

Мұрағат құжаттары осылайша сөйлесе, ел аузындағы әңгімелерде «... Бірде Тобжан би қосшылары мен бірге (Арқа жақта) жолаушылап келе жатып бір ауылға тоқтайды. Орта жүздің ауылы болса керек. Қонақ күтіліп, тамақ келгенше Тобжан бидің көзі ілініп кетеді. Үйге кірген Орта жүз жігітінің бірі «... Кіші жүз билері ақбасты болады екен ғой» деп далаға шығып кетеді. Тамаққа отырған би дастархан басындағыларды бір шолып өтіп «Бағана біреуің келіп бірдеңе дедіңдер ме? Сол қай бала? – депті. Мен деп жас жігіт ата-тегін таныстырғаннан соң Тобжан би: «... Орынды жердің баласы екенсің, айтсаң айтарсың, жақсы ел ағасын сыйлайды, азған ел баласын сыйлайды» дегенде сөздің төркінін түсінген жанағы жігіт биге аттон айыбын жауыпты.

Екінші әңгімеде атақты Керей Марал ишанның ұрпағына қатысты айтылған. Маралдың немересі Әбдірахман ишанның алтын сапар кесесі болыпты. Қымызды үнемі сол кесемен ішеді екен. «... 1918 жылы ол Құмдыағашта қайтыс болған соң оның туған құдасы, Кіші жүзге билік айтқан атақты Тобжан жиырма шақты кісі ертіп, Сырдан қырға келеді. Ішінде ірі молдалары да бар. Қонақтар келе қайта-қайта құран оқып, бата қылады. Жылап-сықтап, мауқын басады. Тобжанға құдағайы алтын кесемен қымыз береді. Би кесені қолына алып: «Мұнымен Мағзұм ишан шипалы сусын ішкен ғой», — деп кесені қайта-қайта сүйіп, еңкілдеп жылапты. Қоймаған соң тағы да құран оқылады. Тобжан кеткенше қымыз ішкен сайын кесені сүйіп, жылай берген екен. Бір жұмадан соң кісілер Сырға аттанады. Тобжан

құдасына құдағиы отағасының иісі деп, алтын кесемен бір шекпенді сыйға тартады. Бидің серіктері сарқыт деп қоймаған соң атақты би: «Ой, өңкей шірік-қырқың жиналып, қырға аспайтын немелер, сендерге кесені сындырып, бөліп берейін бе? Өздерің жылап алсаңдар, көздерің жоқ па!» – деп кейіпті.

Ел аузында әңгімелерден Тобжан атақты би болуымен қатар шешен тілді ділмәр ақын болған да көрінеді. Оны Жиенбай (жырау) Дүзбенбетұлының Тұрымбет Салқынбайұлына жазған өлеңінен анық аңғарылады. Жиенбай жырау: ...Тобжанды ағаң Оңғар жамандаған, Жырлатып бермеді» деп етіп өкпе. Қайтарып Тобжан да оған, жазған жауап, «Жай жүр, – деп, – бермеді деп жұртты сөкпе». Тобжан бидің ақындығының болғандығын немересі Барлан Ахметұлының қолында сақталынған Әлібайға тағы басқа өлеңдерінен байқауға болады. Осы өлеңінде Әлібайға: ...Жастан-ақ қатарыңнан озды басың, Мен едім ұстаз болған, жан досың. Сәлемің Атбасардан жеткеннен соң, Дұға қып күнде ағады көзден жасым, – деп Әлібай болыстың қазасына қайғыра өлеңмен өз көңілін білдірген.

Осынау аз ғана өлең жолдарынан-ақ Тобжан бидің ақын болғандығы, бірақ ақындық жолды таңдамай билікке араласып кеткенін аңғаруға болады. Және де Дүр атанған Оңғардың құрыштай құйылған кесек сөздеріне өзі жауап бермей, сол кезеңнің белгілі де көрнекті ақындары Қарасақал Ерімбет пен Кете Есенжолға, Оңғарға өлеңмен жауап қайтаруға тырысуы заңды құбылыс. Мұны Оңғардың өлеңінен-ақ аңғаруға болады. XIX, XX ғасырдың бас кездерінде біреудің атынан өлең арнау, жұмбақтап өлең жазу, мысал өлеңдер түрі кеңінен қолданылған.

Шешендігі мен көсемдігінен өз замандастарынан оқ бойы озық тұрған, топтан озған Тобжан би болды. Табын мен Алтын, Керей мен Алтын, Алаша мен Алтын, Қаратамыр руларымен болған арадағы келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешілуіне әрдайым ықпал етіп отырған

Біз бұл мақаламызда оның билік шешімдері, шешендік сөздері мен өлең жолдарын толық бере алмадық. «Халық айтса, қалып айтпайды» – дегендей халық аузына ілінген, Сыр сүлейлерінің көркем жырларына арқау болған Тобжан Байназарұлын бүгінгідей тәуелсіздікке қол жеткізген бақытты заманымызға сол билер мен батырлардың қанымен, жанымен келген тәуелсіздік жылында Тобжан сияқты атпал азамат, қабырғалы бидің есімін құрметтеп, ардақтасақ, одан ұтпасақ, ұтылмаймыз.

Тынышбек ДАЙРАБАЙ, зерттеуші, этнограф, ғалым